

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

## 6 – СЕКЦИЯ ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 6.1 Ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері мен даму бағыттары

ӘОЖ 802.6

#### АБАЙ – ҰЛТТЫҚ БРЕНД: КҮМӘН ЖӘНЕ АҚИҚАТ

**Аманшаева Индира, Аманжол Айгерім**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1  
курс студенттері

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф.м.а. Б.С.Абдуова

Қазақ халқының ұлы ақыны, дана Абай тұлғасы жайлы қанша жазылып, айтылып жүрсе де, бұл тақырып маңыздылығын жоймайды. 18.07.2020 жылы «Экспресс К» басылымының бірінші бетіне «Загадка Абая: величайший неизвестный поэт Казахстана» (қазақшасы – «Абай жұмбағы: Қазақстанның беймәлім ұлы ақыны») атты мақала жарияланады [1]. Авторы Зәуре Батаева кеңестік Қазақстанда туып-өскен, қазақ мектебінде оқыған. Қазіргі уақытта Батыс Еуропада тұрып жатыр. Таңдаған мамандығы – филолог, тәуелсіз аудармашы, әдеби аудармамен айналысады. Зәуре Батаеваның бұл мақаласының арты үлкен әдеби айтысқа айналғаны белгілі.

Автордың осы мақаланы жазудағы мақсаты – Абайды әлеуметтік желілердегі сынаушылардан қорғау екен. Себебі әлеуметтік желіде бір топ жас Абай туралы «неліктен Абай өз халқын мақтаудың орнына, қазақтарды орынсыз сынады?» деген пікірді алға тартқан. Соған жауап беру мақсатында Зәуре Батаева «көп деректерді қарастырып, бұлтартпас дәлелдер таптым» деп жазады. Мақаласында бірнеше аргументтер келтірілгенін байқаймыз.

Ең бірінші дәлелі – Абай Құнанбайұлының дарынды ақын бола тұра, ешбір тарихи деректерде аты аталмауы. Тек 1889 жылы жарияланған «Жаз» өлеңнің кейіпкері ретінде және 1905 жылы Әлихан Бөкейханов жазған қазанамадан белгілі.

Екінші дәлел – ол жақында ақынның туу туралы куәлігі бар деген уәж айтылуы. Автордың айтуынша, сол кезде сонда қаншама көшпенді қазақ халқының туу туралы куәлігі болған? Неліктен бұл құжат форензикалық сараптамадан өтпейді? Осы тектес сұрақтар мазалайды. Себебі әйгілі тұлға Шекспирдің әр табылған құжатын форензикалық сараптамадан өткізіп отырады екен әрі бұл болашақ ұрпақтың алдында тарихи ақиқатты анықтаудағы ең бірінші қажеттілік саналады дейді. Демек, ұлы ақынның туу туралы куәлігі болса, онда ол қазақ халқының ірі құндылығына жатады емес пе, неліктен оны құжаттамалық тексерістен өткізбеске деген сауал қояды.

Үшінші дәлел – Абай Құнанбайұлы аз уақытта орыс тілін қалайша өте жақсы меңгеріп алған? «Біз білетіндей Абай 3 ай ғана орыс тілін оқып, оны жетік үйренген. Бұл мүмкін нәрсе емес» деп жазады.

Автордың ойынша, «Абай» мен «Ибраһим Құнанбай» бір адам емес. Абай – Әлихан Бөкейхановтың жобасы. Ал Абайдың атынан жазылған шығармаларды Бөкейханов жазған. Себебі екі тұлғаның шығармалары стилистика мен идеялар жағынан қатты ұқсас. Ал «Абай» есімі Бөкейхановтың шығармашылық лақап аты болуы әбден мүмкін. Бөкейханов – орысшыл, Абай да дәл сондай деген күмәнді ойын тарқатып жазады.

З.Батаеваның жұмысы бірнеше тараудан тұрады. «Неизвестные и запрещенные истории» деген тарауда З. Батаева XIX ғасырдағы қазақтың тарихи жағдайына шолу жасайды. Сайын далада көшіп-қонған қараңғы халықтан, сауатсыз көшпелі ортадан данышпан адамның шығуы мүмкін бе деген ойға келеді. Оның пікірінше, Әлихан Бөкейхан Петерборда университет тәмамдаса, Абай қыр қазағы, небары үш жылдық медресені тәмамдаған, демек, Абай ақын бола алмайды. Оның өлеңдері Әлихандікі, бірақ совет идеологтары осыны жасырды, орыс мәдениетін жақтаған Абайды басына көтерді деп санайды.

Алайда Хәкім Абайды жақтаушылар да аз емес. Белгілі абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай Зәуре Батаеваның «Абай – алаштанушылардың ағартушылық жобасы» деген ойымен келіспейді. Ғалымның айтуынша, Абай бес жасынан бастап өте білікті әрі білімді ұстаздардан сабақ алып, шағатай, парсы, араб, орыс тілдерін меңгерген. Абай жастайынан ерекше қабілетті болғандықтан орыс тілінен аударма жасау еш қиын болмаған дейді. Бірнеше жыл медреседе білім алған Абайдың білім, таным көкжиегі неміс ақыны Гегенің деңгейімен бірдей екенін айтады.

Тұрсын Жұртбай «Әлихан Бөкейханов ол қолжазбаларды Абайдың өмірбаянын жазарда Кәкітай мен Тұрағұлдан сұратып алдырғанын растайтын нақты дерек бар. Ол – Әлихан Бөкейхановтың 1915 жылы Кәкітай өлгенде жазып, «Қазақ» газетінің сол 1915 жылғы №105 санында жариялаған азанамасы» деп жазады [2]. Осындай деректер арқылы абайтанушы ғалым Абайдың адам ретінде бұл өмірде болғанын, оның қолжазбаларының болғандығын атап өтеді.

Тағы бір журналист Жанұзақ Әкім Абай шығармаларындағы қазақ ұлтына қатысты сөздердің мектеп оқулықтарынан алып тасталынуын қалайды екен. Осылайша біршама журналистер Абайды қазақ еліне жау көретін секілді. Тұрсын Жұртбайдың айтуынша, мұндай мәселелердің шығуы жыл өткен сайын халықтың сауатсыздануынан, жан-жағын танып-білмей, тек мін іздей білуінен деген орынды ренішін жеткізеді.

Сол секілді 2020 жылдың 23 шілдесінде ғалым, абайтанушы Асан Омаровтың «Абай болмаған» деген не сұмдық!» атты көлемді мақаласы «Abai.kz» сайтында жарияланады [3]. Онда зерттеуші «Мақаланы оқып шығудың өзі де оңай емес. Бастан-аяқ сандырақ, Абай айтқандай, «бекер босқа еседүр» деп, қолды бір-ақ сілтеп, назар аудармасақ та болар еді. Бірақ, бірақ... Зәуре ханымның артында миллиондаған зәурелер бейнесі қалқайып тұрса ше?! Күнде көретін өмірдің ащы шындығы – айналамыз орыс мектебінде тәлім-тәрбие алған, сол тілде қалыптасқан буын. Оларда ұлттық сана таяз, яки тіпті жоқ. Сорақы мақала – сол ұлтсыздықтың айдай айғағы. Көңілді мұздатқан, жүрек сыздатқан жәйт те, міне, осы.

Сонымен, Зәуре ханым Абайға не үшін шүйліккен? Ол көлдей жазбасының кіріспесінде былай деп ағынан жарылған екен: «Кейінгі буын өкілдерін, әсіресе, ашындыратыны – алғаш рет 1933 жылы Қара сөздер (проза) деген атаумен жарық көріп, 1945 жылы орыс тілінде Слова Назидания (Ұлағатты сөздер) деп аударылған прозасындағы Абайдың қазақтар туралы зәрлі де ұнамсыз пікірі, қазақтардың «жалқау», «надан», «бірін-бірі көре алмайтын қызғаншақ», қала берді, «бір-біріне дұшпан» деп сипатталуы». Абыз бабамызға ашынған автор: «Абай – қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ ұлтына деген құрметтің төмендігіне ғана емес, оған қоса, қазақтардың көшпенді ата-бабаларына деген сый-құрметтің жоғалуына да жауапты» деп түйеді. Міне, Абайды тану деңгейіміздің сиқы осы!» [3].

«Кто был Абай?» деген келесі тарауында «ешқандай жазба деректер жоқ жерде, ол адамның өзі де, мұрасы да күмәнді» деген ой айтады. Яғни Абайдың ғылыми биографиясы жоқ дейді. Шындығында ұлы ақынның өмір жолы бүге-шігесіне дейін аян. Жазушы М.Әуезов Абай биографиясын төрт рет түгендеген, ондаған естеліктер – өз алдына бір төбе. Бірақ Зәуре Батаева Абайда ең болмағанда бір парақ сақталмаған, орыс достарының бірде бірі ондай ақын бар деген деп жазады. Көшпелі қыр қазағы Абайдың сөзі түгіл, есімі, туған күні де архивте жоқ. Демек, асыл мұраны онікі деу күмәнді. Мысалға Мүрсейіттің екі жүз беттік қолжазба дәптеріндегі мұра Абайдікі емес, өзінің төл шығармалары болса ше?» деген күмәнді ойларын, ұлы ақынның теңдессіз туындыларын мүлде болмаған деген қорытындыға келеді.

Егер автор шын пейілімен ізденсе, онда інілері Кәкітайдың, Әрхамның, Көкбайдың жазбаларын қарау керек қой. Себебі «Абай кім болған?» деген ең негізгі сұрақтың жауабы соларда екендігі бұрыннан белгілі. Әсіресе, баласы Тұрағұл естелігінің орны бөлек, онда әкесінің қай өлеңді қашан, қандай жағдайда жазғаны еш боямасыз, тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Осындай деректерді айналып өтіп, мақаласына тікелей қатысты емес, жанама бірнеше әдебиетке сілтеме бергені түсініксіз.

Келесі тарау – «Ранние источники на русском языке» деп аталады. «Почему в 1905 году Букейханов опубликовал некролог Абая? Один из возможных ответов заключается в том, что

после успеха двух стихотворений, опубликованных в «Киргизской степной газете» в 1889 году, Букейханов писал и другие стихи, желал опубликовать книгу этих стихов, но при этом хотел издать их от лица другого человека – того, кто прожил яркую и вызывающую интерес жизнь, но уже покинул этот мир, а значит, ему нельзя будет задать никаких вопросов. ... В 1903 году Букейханов еще не знал настоящего имени Абая, потому что еще не придумал его» деп жазады. Бұдан көріп отырғанымыздай, автор Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановты Абай жобасын жасаған тұлға деп таниды.

Соңғы тарауы – «Советский период» деп аталады. Бұл тарауға 1933 жылғы Қызылорда қаласында басылып шыққан Абайдың тұңғыш толық жинағы арқау болған. Қара сөздерді 1918-1920 жылдар аралығында Жүсіпбек Аймауытов және басқа да алаш оқығандары жазып шыққан деген пікір айтады. Көлемді туынды – «38-ші қара сөзді» кім жазған деген сауал тастайды да, оған өзі «Мягкий, ласковый тон этого текста, и более сотни примечаний, объясняющих исламские понятия, создают впечатление, что этот текст писал мулла» деп жауап береді. Автор Абайдың діни сауатының өте терең болғандығын мойындағысы келмейді.

Абайдың теңдессіз білім иесі болғандығына Тұрсын Жұртбай «Айқын ақпарат» сайтына 29.07.2023 берген мақаласында былай дейді: «Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы мешітке жиылып, дін-исламның ар-ожданын қорғауды Абайға тапсырып, мінәжат қылып, бата беріп шығарып салады. «Ақ шіркеудің» (қазір де бар) алдында жиналған священниктер мен поптар: «Қазір сендердің сақалдарыңды кесеміз», – десіп сапыларын жалаңдатып тұрады». Архимандрит пен Абайдың арасында 17 мәселе туралы сұрақ-жауап алысады. Сыртқа шыққанда поптар мен священниктер сапыларын, аса таяқтарын көтерісіп, шуылдасып, Абайды сөзден ұтпақ болғанда, Сергей: «Сендер шуылдақты қойыңдар. Ибрагим Құнанбаев сендердің тістерің бататын кісі емес. Заманынан озып туған адам», – деп тоқтатыпты. Иә, З.Батаева қанша жерден өрекіп, сенімсіздік танытса да, архимандрит айтқандай, Абай – өз заманынан озып туған адам». Абай да Гете сияқты «толық адам» деп түсіндіріп, тарқатып берген ғалым Тұрсын Жұртбайдың дәлелдері көңілге толады.

Бұдан ары қарай да ғалым Т.Жұртбай аудармашы, филолог З.Батаеваның: «Қазірде Абайға қатысты қазақ және орыстілді материалдарда мүлдем бұрмаланып беріліп жүрген осы бөліктерін мұқият оқысақ, ондағы деректердің біз қазір «Абай» деп атайтын адамға қатысы өте аз екенін байқаймыз», – дегенде, аударма барысында бұрмаланған қандай «сенімсіз деректерді» айтып отыр? Соны салыстырып, айырмашылығын табу үшін әрі Дж.Кеннанның жазғанынан оқырмандардың мағлұматы болуы үшін сол үзікті толық келтіреміз» деп келесі бұлтартпас деректі ұсынады:

«Дж.Кеннан: «Жиналған қауым мүшелеріне бізді таныстырып болғаннан кейін қызу, еркін әңгіме басталды. Менің қойған сұрағыма байланысты, Леонтьев маған Семей кітапханасының тарихы туралы айтып берді. Ол:

–Кітапхана тек қана саяси жер аударылғандар үшін ғана үлкен игілікті іс атқарып отырған жоқ, сонымен қатар ол қала тұрғындарының ой-өріс тіршілігіне де жан бітірді, – деді.

– Тіпті, қазақтар да (Түпнұсқада: қырғыздар да – Т.Ж.), – деді ол, – ара-тұра оның қызметін пайдаланып тұрады. Мен бір білімді қазақтың қариясын (старика-киргиза) білемін, оның аты-жөні Ибрагим Құнанбай (түпнұсқада – Ибрагим Конобай), ол кітапханаға тек келіп қана қоймайды, сонымен қатар ондағы Бокль, Милль және Дрейпер (түпнұсқада солай - Т.Ж.) сияқты авторлардың да кітабын оқиды.

– Сонда, сіздің, – деп дауыстады бір студент, – Семейде Милль мен Дрейпердің шығармаларын оқитын кәрі қазақ тұрады деп айтқыңыз келіп тұр ма?!

– Иә, дәл солай, – деп сеніммен қасқая жауап берді Леонтьев. – Мен оны алғаш көргенімде, оның менен индукция мен дедукцияның арасындағы айырмашылықты сұрағаны қатты таң қалдырды. Кейіннен көзім жеткеніндей, ол шынында да ағылшын философиясын жақсы біледі екен және содан кейін мен атаған кітаптардың барлығының да орыс тіліндегі аудармасын оқып шығыпты.

– Сіз ол оқығандарының бәрін түсінді деп ойлайсыз ба? – деп сұрады әлгі студент.

– Мен екі кеш бойы одан Дрэпердің «Еуропаның ақыл-ойының дамуы» атты шығармасы бойынша емтихан алдым, – деп жауап берді Леонтьев, – шындығын айтуым керек, ол мұны өте орнықты түсініпті» [4]. Біз еш өзгертпестен алған бұл үзіндінің толық нұсқасы бар екендігі, қазіргі уақытта мұрағатта сақталғандығы, сол деректерден Абайға қатысты тұстарын екшеп алған ғалым Т.Жұртбайдың Зәуре Батаеваға бұлтартпас дәлел ретінде ұсынғанын білдіргіміз келді.

Бұл жазбаларынан басқа абайтанушы ұлы ақынның өмірде болып қана қоймай, оның артында мұхиттай терең мағыналы өлеңдері мен қара сөздері қалғандығын, сондай асыл мұраға З.Батаева секілді шала сауатты ғалымдардың тиіскеніне іші удай аштынын жазады. Әлихан Бөкейханның өлең жазуға машықтанбағанын, ал Міржақып Дулатовтың өлеңдерінің көркемдік ойлау жүйесі, мәнері, сөздік қоры, ішкі ырғағы, өлеңдерінің мазмұны мүлдем басқаша екендігін тілге тиек етеді. «Зәуре ханым жазбасының бір ғана пайдалы жері бар, ол – қазіргі қазақ қоғамы мен Абай арасы жер мен көктей алшақ екенін көрсетті. Сонымен қатар, тілі, танымы бойынша ұлттың екіге жарылғанын сезініп, қазақтың қазақтығы құлдырап, ұлтсыздану процессі шырқау шегіне жетті» деп ашығын айтады.

**Қорытынды.** Тағдырдың мың сан толқынында бір өліп, бір тірілген, сөз өнерінде әлемдік классикалық деңгейге көтерілген, Асан Қайғыдан бастап Мұқағалиға дейін өлең құдыретін бағалаған қазақ халқының асыл перзенті Абайды жоқ деу – үлкен күнә ғана емес, намыссыздық, абыройсыздық. Абайдай ұстазы бар халық болу – көп ұлттарға бұйырмаған бақыт. Сол барды бағалай алмай, ондай ұстаз болған жоқ деп дәлелдеуге тырысу – ақылға қонбайтын құбылыс және ұстаз рухына да ауыр жаза.

Біздер, жаңа толқын өкілдері, аталарымыз аманаттап кеткен асыл мұраларымызды, дана тұлғаларымызды, Абайдай бағдар берген көсемімізді ұлықтай білейік, кейінгі өскелең ұрпаққа бар жарқылымен жеткізуге тырысайық!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Экспресс К» басылымы, 18.07.2020 жыл.
2. «Абай кз» сайты, 23.07.2020 жыл. «Абай болмаған деген не сұмдық?» мақласы. Авторы: ғалым, абайтанушы Асан Омаров.
3. «Айқын ақпарат» сайты, 29.07.2023 жыл. «Бұл неғылған заманға ісім түсті...» мақаласы. Авторы ғалым, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Т.Жұртбай.
4. Ыбырай С. Жарым адамнан – толық адамға. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 254 б. Б. 212-213.
5. <https://abai.emi.kz/post/view?id=916> Ысқақов Әрхам Кәкітайұлы: «Абайдың өмір жолы».

ӘОЖ 12.17

### **РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИДІҢ «АЙ ҚАНАТТЫ АРҒЫМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ЖҰМАТ ШАНИН ОБРАЗЫ**

**Асылбек Алина Сындырбекқызы**

[asylbek\\_alina@mail.ru](mailto:asylbek_alina@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. С.Ш.Айтуғанова

Рымғали Нұрғали прозасы - өз алдына айрықша көркем тілі, стилі, көркемдік тәсілі бар проза. Жазушы қаламынан шыққан қай туынды болмасын терең ойды білдіретін салмақты, өміршең, ақиқатпен ұштасып жатқандығын байқаймыз. Шығармасындағы халықтың тұрмысы,